#ЖАҢҒЫРТУ

Маралдыдағы серпіліс: *нақты қаржы, жүйелі жұмыс, ортақ нәтиже*

Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Маралды ауылдық округінде соңғы жылдары жүзеге асқан өзгерістер – нақты қаржымен бекітілген жүйелі саясаттың нәтижесі. Бұл жерде басты рөлді жергілікті әкімдік пен кәсіпорын арасындағы тиімді әріптестік, сондай-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі атқарып отыр.



Айта кетейік, ауыл аумағында жұмыс істейтін кәсіпорын өз қызметін толықтай заң аясында жүргізіп, мемлекет алдындағы барлық салықтық және әлеуметтік міндеттемелерін мүлтіксіз орындап отыр. Соның арқасында өңір экономикасына түсетін түсімдер артып, жергілікті бюджетке салмақ салмайақ бірқатар әлеуметтік бастама жүзеге асуда. Ең маңыздысы – кәсіпорын ауыл өміріне тікелей араласып, әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді рөл атқаруда.

Сандарды сөйлетсек, 2024 жылы Маралды ауылдық округіне 315 млн теңге бағытталса, 2025 жылы 431,25 млн теңгеге 22 жоба іске асырылды. Алдағы бес жылда әлеуметтік саланы дамытуға 2,5 млрд теңге бөлу көзделген.

Ірі жобалардың бірі – «Маралды орта мектебі» КММ ғимараты. Оның шатырын жөндеуге 128 млн теңге бөлініп, білім ошағы толық жаңғыртылды. Сонымен қатар, 11 млн теңгеге заманауи робот техникасы кабинеті ашылып, ауыл оқушыларына жаңа мүмкіндік берілді.

Инженерлік инфрақұрылым да айтарлықтай жаңартылды. Маралды ауылындағы су құбыры желілерін жөндеуге 41 млн теңге жұмсалып, тұрғындардың ең өзекті мәселесінің бірі шешілді. Көше жарығын орнатуға 8 млн теңге бағытталып, ауылдың қауіпсіздігі мен жайлылығы артты.

Ауылдың қоғамдық кеңістіктері де жаңа келбетке енді. Орталық саябақты қоршау мен стадионды жабдықтауға 21,5 млн теңге бөлінді. Хоккей қорабын жөндеуге 6,9 млн теңге, өрт сөндіру пунктін жаңартуға 9,9 млн теңге жұмсалды.

Сонымен қатар, 14,6 млн теңгеге мал сою алаңы салынып, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымы күшейтілді.

Көлік және логистика бағытында да нақты жұмыстар бар. Жолдарды ұйымдастыру мен жайластыруға 57 млн теңге, көпірлерді жөндеуге қаржы бөлінді. Ал су өткізу каналының құрылысына 14,7 млн теңге бағытталды.

Үшбұлақ ауылында 17,8 млн теңгеге шағын футбол алаңы салынса, тағы 7 млн теңгеге көпір жөнделді.

Қыстау-Күршім ауылында да 17,8 млн теңгеге спорт алаңы салынып, 29 млн теңгеге 750 метр орталық көше жөнделді. Сонымен қатар, екі ауылда 67 абонентке арналған 10 млн теңгелік Starlink спутниктік интернет жүйесі орнатылды.

Әлеуметтік бағыттағы бастамалар да ауқымды. Кәсіпорын есебінен студенттердің оқу ақысын төлеуге 1,85 млн теңге бөлініп, жас мамандарға тұрғын үй алуға 11 млн теңге бағытталды. Бұл ауылдағы кадр тапшылығын азайтуға ықпал етуде.

2026 жылға жоспарланған жобалар да нақты. Атап айтқанда, Маралды ауылында Алтай, Уәлиханов, Бунтовских және Жағалау көшелерін абаттандыруға ондаған миллион теңге бөлініп отыр. Сонымен қатар, трансформатор орнату, әкімшілік ғимаратты жабдықтау, арнайы техника сатып алу, көше жарығын кеңейту, «Стадион» паркін абаттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Үшбұлақ ауылында балалар алаңдары мен күн энергиясымен жұмыс істейтін жарық шамдары орнатылса, Қыстау-Күршім ауылында байланыс сапасын жақсарту үшін базалық станция іске қосылады.

Жалпы, Маралды ауылдық округіндегі бұл өзгерістер – нақты қаржы, тиімді жоспар және әлеуметтік жауапкершілікті сезінген бизнестің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Бұл тәжірибе ауылды дамытудың жаңа, тиімді моделін қалыптастырып отыр.

«DIDAR» ақпарат

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«Мәдени мұраны бірге сақтайық»: Өскеменде сенбілік өтті

Елизавета СЕДЫХ
Жібек НҰРАХМЕТ

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай ұйымдастырылған акция аясында Өскемен қаласында ауқымды сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Бұл күні Қазақстанның барлық өңірінде тарихи-мәдени нысандарды абаттандыруға бағытталған сенбіліктер өтті. Облыс орталығында да санитарлық тазалау жұмыстары бірнеше нүктеде қатар ұйымдастырылып, соның ішінде «Жеңіс» мемориалдық кешені аумағы да қамтылды.

Таңғы сағат 9:00-де Ертіс өзені жағалауы аймағына белсенділер, мемлекеттік қызметшілер және қала тұрғындары жиналып, қыстан кейінгі ескерткіш аумағын ретке келтіруге кірісті.

– Біз сенбілікке қатысып, Жеңіс мемориалдық кешенін тазалап жатырмыз. Бұл шара «Мәдени мұраны бірге сақтайық» акциясы аясында өтуде. Мен бұл бастаманы толық қолдаймын, өте маңызды әрі игі іс деп санаймын, – деді қала тұрғыны Аяулым Бақытханова.

Айта кетейік, сенбіліктер 30 мамырға дейін апта сайын тұрақты түрде жалғасады. Оған кез келген тұрғын қатыса алады. Бұл шара Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы шеңберінде жүзеге асырылып отыр.

– Қала тұрғындары белсенді қатысуда. Біз «Таза Қазақстан» бағдарламасын толық қолдаймыз, – деді қала тұрғыны Әмина Бақытбекова.

#АБАТТАНДЫРУ

Тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстары жалғасуда

Роксана ГЛЫБОВА

Облыс орталығында қала келбетін жаңарту бағытындағы жүйелі жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда бірқатар мекенжайда көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы келбетін жөндеу басталды.

Өскемен қаласын дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған жоспарына сәйкес, көппәтерлі тұрғын үйлерді жаңарту міндеті межеге алынған. Бүгінде жұмыстар Әуезов даңғылы, 49Б, Нұрмағамбетов көшесі, 50 және Протозанов көшесі, 61 мекенжайларында жүргізілуде.

Бұған дейін қала әкімі Алмат Ақышов аталған жұмыстар кешені тұрғын үйлердің сыртқы келбетін жаңартып қана қоймай, олардың жалпы техникалық жағдайын жақсартуға бағытталғанын атап өткен болатын.

– Жоба аясында қасбеттерді фиброцементті материалмен қаптау, сылақ жүргізу, сырлау, сондай-ақ балкондарды біркелкі сәулеттік келбет қалыптастыру үшін әйнектеу қарастырылған, – деді Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов.

Жоба кезең-кезеңімен қаланың бірнеше ауданын қамтиды. Бұл тек сыртқы өзгерістермен шектелмейді – жүргізіліп жатқан жұмыстар ғимараттардың техникалық жай-күйін де жақсартуға бағытталған.

Еске сала кетейік, өткен жылы қаладағы орталық көшелердің бірі айтарлықтай жаңарған болатын. Нұрсұлтан Назарбаев даңғылында, Виноградов және 30-шы гвардияшылар дивизиясы көшелерінің аралығындағы 14 көпқабатты тұрғын үй заманауи келбетке ие болды. Сонымен қатар, мамандар су ағар жүйелерін қалпына келтіріп, сыртқы қабырғаларды жылулап, іргетас бөлігін нығайтып, шатырдың жекелеген элементтерін жөндеген еді. Осылайша жұмыстар эстетикалық келбеттен бастап тұрғын үй қорының беріктігіне дейінгі бірнеше бағытты қамтыды.

Аталған бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасып, қаланы кешенді абаттандыру мен тұрғын үйлерді тиісті деңгейде күтіп ұстау саясатының маңызды бөлігі болып қала бермек.